

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 28 наурыздағы N 70 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 07 сәуірде N 1571 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1468 қаулысын және "2005 жылға арналған облыстық бюджет туралы" облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 12/2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" облыстық мәслихат сессиясының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімін орындау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеудің қоса берілген ережесі бекітілсін.

2. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімі трансферттерді нысаналы пайдалануды және біржолғы көмекті 451-015-019 «Бағдарламаны облыстық бюджеттен ресми трансферттер есебінен жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы
N 70 қаулысымен бекітілген

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы көмек төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
біржолғы көмек төлеу жөніндегі уәкілетті орган - аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі-уәкілетті о р г а н) ;

3. Біржолғы көмек алуға Солтүстік Қазақстан облысы аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектерінің (бұдан әрі - соғысқа қатысқандар) құқығы бар.

4. 2005 жылғы 1 сәуірден кейінгі мерзімде соғысқа қатысқан адам қайтыс болған жағдайда біржолғы көмек төлеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес жү р г і з і л е д і .

5. 2005 жылғы 1 сәуірден кейін жаңадан келген, бұрынғы тұрған жері бойынша біржолғы көмек алмаған соғысқа қатысқандарға көмек төлеу бұрынғы тұрған жерінен растайтын құжаттар ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

6. Біржолғы көмекке арыз беру мерзімі 2005 жылғы 15 желтоқсанға дейін.

2. Соғысқа қатысқандарға біржолғы көмек төлеудің тәртібі

7. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың аудандық және қалалық филиалдары уәкілетті органдарға қосымшаға сәйкес электрондық және қағаз жеткізгішпен 2005 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша әлеуметтік төлемдер алатын соғысқа қатысқандардың тізімдерін, 2005 жылғы 15 желтоқсанға дейін - облысқа жаңадан келген соғысқа қатысқандардың тізімдерін б е р е д і .

8. Уәкілетті органдар жасалған тізімдер негізінде екінші деңгейдегі банкте немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамында зейнетақылар мен жәрдемақыларды есепке алу үшін ашылған олардың жеке шоттарына қаражат аудару жолымен, соғысқа қатысқандардың әрқайсысына 30000 теңге мөлшерінде біржолғы көмек төлеуді 2005 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде жүзеге асырады. 2005 жылғы 30 сәуірден кейін жаңадан келген, бұрынғы тұрған жері бойынша бұрын біржолғы көмек алмаған соғысқа қатысқандарға - 2005 жылғы 20 желтоқсанға дейін.

9. Біржолғы көмек төлеуден бас тартудың негізі көмек алу құқығы туралы алдын ала жалған мәліметтер беру болып табылады.

3. Біржолғы көмек төлеудің уақыттылығы үшін жауапкершілік

10. Біржолғы көмек төлеу жөніндегі уәкілетті орган төлеудің дұрыстығы және уақыттылығы үшін жауапты болады.

11. Бақылау органдары соғысқа қатысқандарға біржолғы көмек төлеудің дұрыстығын және уақыттылығын бақылауды жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК